

№4 «Хромтау орта мектебі» КММ-інде «Бірыңғай тәрбие-құндылықтар жүйесі» тақырыбында мектепшілік ата-аналар жиналысы туралы мәлімет

Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрлігінің тапсырысымен ағымдағы оқу жылынан бастап барлық білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Осыған орай бүгін 3 қараша күні №4 «Хромтау орта мектебі» КММ-інде «Бірыңғай тәрбие-құндылықтар жүйесі» тақырыбында мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде: «Біртұтас тәрбие Бағдарламасы» мен «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары» туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, мектептің алдағы тәрбие бағдарламасының жоспарымен таныстырылды.

Ата-аналарын жиналысын тәрбие ісінің меңгерушісі: Муканова Алтынгүл Жумагалиевна өткізді. Алтынгүл Жумагалиевна алдымен ата-аналарды тәрбиенің мақсат-міндеттерімен таныстырды. Тәрбиенің құндылықтары Ұлттық мүдде, ар ұят, талап ұғымдарына толықтай тоқталып түсіндірме жұмыстарын өткізіп, сұрақ-жауап ретінде кері байланыс алды. Ұлттық мүдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу, Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу, Ұлттық мәдениетті дәріптеу. Ар ұят: адал еңбекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу, достарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту т.б. Талап: креативті ойлау, салауатты өмір салтын ұстану, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау. Тәрбиенің үздіксіздігі, тәрбиенің әр жаста қалай берілу керектігіне де тоқтала өтті. Сонымен қатар «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары» туралы да сөз қозғай отырып, қазіргі таңда мектебізде «Даналық мектебі» өз жұмысын бастағанын алға тартты. «Даналық мектебінің» мақсат міндеттерімен, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстары туралы толықтай мәліметтер көрсетіліп, таныстырылды. Жиналысқа барлығы - 80 ата-ана қатысты.



ДТІЖО:



А.Ж.Муканова

